РАУАН

СЕЙСЕНБІ
№37 (2881)
22 қыркүйек 2026 жыл

ГАЗЕТ 1985 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

БЕЙНЕУ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

АУДАН ТЫНЫСЫ

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ФОРУМ

САРҒА АУЫЛЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰЛЫҚТАП, ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ДӘРІПТЕГЕН «ДӘСТҮРДЕН ТАҒЫЛЫМ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ» АТТЫ АНАЛАР ФОРУМЫ ӨТТІ.



Аталған тағылымды шара «Бейнеу аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту» бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Жайдарлы» үкіметтік емес ұйымының ұйымдастыруымен өткізілді. Форумның негізгі мақсаты – ұлттық дәстүрді дәріптеу, ана тәрбиесі арқылы ұрпақтар сабақтастығын нығайту, атадан балаға жеткен асыл мұраны кейінгі буынға аманаттау. Сондай-ақ ана өнегесі арқылы жастардың ұлттық санасезімін қалыптастырып, отансүйгіштікке баулу көзделді.

Тағылымды шараға ауылдың ақ жаулықты аналары, әжелер, келіндер мен жастар қатысып, ұлттық тәрбие мен салт-дәстүрдің мән-маңызы жөнінде ой бөлісті.

Форумның алғашқы бөлімі «Ұлт пен ұрпақ тәрбиесі» тақырыбына арналды. Арнайы шақырылған спикер – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті жанындағы «Білім берудің инновациялық технологиялары және аралас оқыту» орталығының және «Ғылыми-педагогикалық зерттеулер» зертханасының жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, «Педагогика және психология» кафедрасының профессоры Светлана Бахишева ұлттық құндылықтар, ана өнегесі және ұрпақ тәрбиесі жөнінде тағылымды ойларын ортаға салды.

Спикер отбасы тәрбиесінің бала тұлғасын қалыптастырудағы маңызына, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңірудің қажеттілігіне тоқталды. Ана тәрбиесі мен ұлттық тәрбие егіз ұғым екеніне назар аударып, ұрпақ тәрбиесінде салт-дәстүрдің алар орны ерекше екенін атап өтті.

Форумның екінші бөлімі «Дәстүрдің жалғасы – қолөнер» тақырыбымен өрбіді. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан қолөнер – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұра. Әжелер мен аналардың қолынан шыққан әрбір бұйымның астарында тарих, тәрбие және ұлттық таным жатыр.

Қолөнер шебері Зира Ермекова ұлттық қолөнердің бірегей түрі – текемет туралы кеңінен айтып, оны жасаудың қыр-сырын таныстырды.

– Бабадан қалған өнер ұмытылмауы керек. Әженің білгенін немересіне, ананың өнерін қызына, келінге үйрету – дәстүрді сақтаудың бір жолы. Ұлттық қолөнерді насихаттау арқылы біз кейінгі ұрпаққа халқымыздың тұрмысын, дүниетанымын және еңбектің қадірін жеткіземіз, – деген ойымен бөлісті қолөнер шебері.

Форумның үшінші бөлімі ауыл келіндерінің қатысуымен өткен «Дәм – дәстүр дәнекері» атты ұлттық салт-дәстүр сайысымен жалғасты. Сайыс барысында қазақ халқының ет тарту, жіліктеу, сыбаға үлестіру дәстүрлері кеңінен насихатталды.

Қатысушылар «Қойды мүшелеу – атадан қалған өнер», «Сыбаға – сыйластық белгісі», «Еттің сәнін келтірген – келін» атты кезеңдер бойынша өзара бақ сынасты. Келіндер етті қазақы дәстүрге сай мүшелеу ретін, жіліктердің атауларын және олардың дастарханға тартылу ерекшеліктерін көрсетті. Сонымен қатар қонаққа сыбаға ұсыну дәстүрінің мәнін түсіндіріп, табақ тартудың жөн-жоралғысын таныстырды.

Аталған тағылымда шарада өнерпаздар да өз өнерлерін көрсетіп, ән шашуын арнады. Шара барысында «Мерейлі отбасы-2026» ұлттық байқауының аудандық кезеңіне қатысып, отбасы құндылықтарын дәріптеуге, ауданның бірлігі мен берекесін арттыруға қосқан үлесі үшін Өтегеновтер, Изжановтар және Абдикаримовтар отбасыларына аудан әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Ұлттық салт-дәстүр – халықтың рухани тірегі, ал оны ұрпаққа жеткізу – баршаға ортақ міндет. Дәстүрді сақтау – өткенді құрметтеу ғана емес, келешекке жол ашу. Өйткені бүгінгі ұрпаққа берілген тағылым – ертеңгі елдің рухани негізі.

БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ

«МӘДЕНИЕТТІ АНА – МӘДЕНИЕТТІ ҰЛТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ «ҚҰТТЫ ШАҢЫРАҚ» ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛЫП, ЖЕҢІМПАЗ ОТБАСЫЛАРДЫ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ ӨТТІ.

«Құтты шаңырақ» байқауын Маңғыстау облыстық Ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырып келеді. Дәстүрлі шара биыл үшінші рет өткізіліп отыр.

Байқаудың негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, ұзақ жылдар бойы отбасылық татулықты сақтап, ұрпақ тәрбиесіне үлгі болып келе жатқан жанұялардың өнегелі өмір жолын насихаттау. Сонымен қатар жастарға отбасылық өмірдің жауапкершілігін түсіндіру, үлкенге құрмет, кішіге ізет қағидаттарын дәріптеу де шараның басты бағыттарының бірі.

Байқау екі номинация бойынша ұйымдастырылды. Соның бірі – «Алтын шаңырақ». Бұл номинацияға шаңырақ көтергеніне 50 жылдан асқан, өмір жолында талай белесті бірге еңсеріп, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген ардагер отбасылар қатысты. Ал «Күміс кереге» номинациясы отбасылық өміріне 25-40 жыл болған, береке-бірлігін бекем сақтап, бала тәрбиесінде өзіндік үлгі көрсетіп жүрген жанұяларға арналды.

Отбасылық құндылықтарды насихаттайтын тағылымды байқауға ауданымыздан екі отбасы қатысты. Олар өздерінің ұзақ жылғы отбасылық өмірі, бала тәрбиесіндегі тәжірибесі және әулет сабақтастығын сақтаудағы өнегесімен ерекшеленді.

Байқау қорытындысы бойынша Төлеп ауылының Абдуллаевтар отбасы «Алтын шаңырақ» номинациясында өмір жолын бірге жалғап, ұрпақ тәрбиесіне үлгі болып келе жатқан отбасылық деңгейдегі марапатқа ие болды. Ал Бейнеу ауданының Мұхановтар отбасы «Күміс кереге» номинациясы бойынша марапатталды. Бірнеше онжылдықты бірге еңсерген отбасылар бірлігі мен өзара сыйластықты басты құндылық ретінде қалыптастырып келеді.

Мұндай байқаулардың қоғам үшін маңызы зор. Себебі отбасының беріктігі мен ұрпақ тәрбиесі – елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен рухани сабақтастығының негізі. Ұзақ жылдар бойы татутәтті өмір сүріп, бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап келе жатқан отбасылардың тәжірибесін көпшілікке таныту – кейінгі буынға тағылым берудің бір жолы.

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫМЫЗДА ӘСКЕРИ МІНДЕТТІ АЗАМАТТАРДЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН 10 КҮНДІК АРНАЙЫ ӘСКЕРИ-ТАКТИКАЛЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ АЯҚТАЛДЫ.

Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекеттік құрылымдардың ғана емес, қоғамның әрбір мүшесінің жауапкершілігін талап ететін маңызды міндет. Осы бағытта азаматтардың әскери даярлығын арттыру, төтенше және әскери сипаттағы жағдайларда дұрыс әрі жедел әрекет ету дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор.

Ауданымызда өткен арнайы әскери-тактикалық оқу-жаттығу да осы мақсаттарды көздеді. Он күнге созылған даярлыққа 78 әскери міндетті азамат қатысып, әскери-тактикалық бағыттағы теориялық және практикалық білімдерін жетілдірді.

Жаттығу барысында қатысушылар үшін сыныптық және далалық сабақтар ұйымдастырылды. Әскери қызметтің негізгі бағыттары бойынша теориялық білім беріліп, оны тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасалды.

Аталған оқу-жаттығудың маңызы – «Күзетілетін нысанға шабуылдауға төтеп беруге жеке құрамның әрекеті» тақырыбында өткізілген арнайы тактикалық жаттығу.

Мұндай оқу-жаттығулардың маңызы тек әскери дағдыларды меңгертумен шектелмейді. Даярлық барысында азаматтар тәртіпке бағыну, жауапкершілік таныту, қиын жағдайда сабыр сақтап, ортақ міндетті бірлесіп орындау сияқты қасиеттерін де шыңдайды.

Аумақтық қорғаныс құрылымдарының әзірлігі де осындай оқу-жаттығулар арқылы жетілдіріледі. Қатысушылар шара барысында әскери ортаға бейімделіп, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастырды.

Әскери даярлық – азаматтың ел қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілігін сезінуге, төтенше жағдайда сауатты әрекет етуге және ұжымдық міндеттерді орындауға әзір болуына ықпал ететін маңызды тәжірибе. Мұндай оқу-жаттығулар осы бағыттағы дайындықты жүйелі

Материалдарды дайындаған: Үміт ҚАЗДАЕВА, Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

БІЛІМ

БАЛАҒА ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

ӘР БАЛА – ҚОҒАМНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛШЕГІ. ОНЫҢ ҚАБІЛЕТІН АШЫП, ӨЗІНЕ ДЕГЕН СЕНІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ. ӘСІРЕСЕ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА КӘСІБИ ӘРІ ЖҮЙЕЛІ ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ. БЕЙНЕУ АУДАНЫНДА ОСЫ БАҒЫТТА ЖҰМЫС ЖАСАП КЕЛЕ ЖАТҚАН МЕКЕМЕ – «БЕЙНЕУ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЗЕУ КАБИНЕТІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ.

Жылдармен жалғасқан ізгі жол. Бейнеу психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті 2007 жылғы 20 наурызда ашылды. Алғашқы жылы 36 балаға 9 маман көмек көрсетсе, бүгінде мекемеде 214 бала көмек алып, олардың дамуы мен әлеуметтенуіне 47 педагог-маман үлес қосып келеді. Мекеме кешенді көмек ППТК-да логопед, дефектолог, психолог, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, ЛФК маманы, уқалаушы, музыка маманы және тәрбиешілер еңбек етеді.

Балалармен жеке және топтық сабақтар өткізіледі. Логопедтер балалардың сөйлеу тілін дамытып, дыбыстарды дұрыс айтуға үйретсе, дефектологтар мен олигофренопедагог олардың танымдық қабілеттері мен күнделікті өмір дағдыларын қалыптастырады. Сурдопедагог пен тифлопедагог есту және көру қабілеттерінде ерекшелігі бар балаларға қолдау көрсетеді.

Психолог эмоционалдық тұрақтылықты сақтауға және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі. ЛФК маманы мен уқалаушы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін жетілдіруге бағытталған жұмыстар жүргізсе, музыка маманы олардың шығармашылық қабілетін дамытып, өнерін көрсетуіне мүмкіндік береді. Тәрбиешілер балаларды топқа және ортаға бейімдеп, қатарластарымен қарым-қатынас жасауға, бірлесіп әрекет етуге және күнделікті тұрмыс дағдыларын меңгеруге үйретеді.

Мекемеде психологиялық-педагогикалық түзету көмегі екі ауысым бойынша көрсетіледі. Балалардың мекемеге қатынауын жеңілдету үшін арнайы автокөлік қарастырылған. ППТК мамандары ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Баланың дамуындағы өзгерістер талқыланып, үй жағдайында жүргізілетін жұмыстар бойынша кеңес беріледі. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың тұрмысы да назардан тыс қалмайды. Балалар мерекелік, тәрбиелік, мәдени және танымдық іс-шараларға белсенді қатысады. Олар ән айтып, би билеп, өлең оқып, түрлі шығармашылық жұмыстар орындайды.

Мұндай шаралар балалардың қабілетін танытып, көпшілік ортада өзін еркін ұстауына ықпал етеді. Балаларға қуаныш сыйлау – үлкен жүректен шығатын ізгілік. Әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мерекелік күндердегі кішкентай ғана сыйлықтың өзі үлкен қуанышқа айналады. ППТК тәрбиеленушілерінің мерекелерде көтеріңкі көңіл күйде болуына, өздерін назардан тыс қалмағанын сезінуіне ауданымыздағы жомарт жандар мен ұйымдардың көрсетіп жүрген қолдауының маңызы зор.

Осы орайда балаларды әр мерекеде елеусіз қалдырмай, қолдау көрсеткен аудандық «Halyk Bank» мекемесіне, Бейнеу ауданы Ыбырайым ахуын мешітінің бас имамы Адайбек Дүйсенбаевке, жеке кәсіпкер Мұқаш Умитбаевке, жеке кәсіпкер «Дом косметикс» ұжымына және Шаттық Қожбановаға шынайы алғысымызды білдіреміз. Аталған жандар балаларға түрлі тәттілер мен ойыншықтар тарту етіп, олардың жүздеріне күлкі, жүректеріне қуаныш сыйлап келеді. Бұл – жай ғана сыйлық емес, балаға деген қамқорлық пен қоғамның мейірімін сезіндіретін үлкен қолдау.

Баланың қуанышын бөлісу – үлкен мәртебе. Өйткені әр баланың күлкісі – баға жетпес бақыт, ал ерекше баланың бір сәттік қуанышы – біз үшін үлкен мәнге ие. Қайырымдылық жасау үшін міндетті түрде үлкен мүмкіндік қажет емес. Кейде бір ойыншық, бір тәтті, бір жылы сөздің өзі баланың көңілінде ұзақ сақталатын қуанышты сәтке айналады.

Сондықтан ерекше балаларды қолдауға ниетті жеке кәсіпкерлерді, мекеме ұжымдарын және қайырымды жандарды осындай игі бастамаларға атсалысуға шақырамыз. Балаларға жасалған әрбір қолдау – олардың болашағына жасалған үлкен қамқорлық.

Бала – біздің болашағымыз. Ал әр баланың қуанышы – баршамызға ортақ қуаныш.Әр бала – қоғамның ажырамас бөлшегі. Оның қабілетін ашып, өзіне деген сенімін қалыптастыру – маңызды міндет. Әсіресе ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кәсіби әрі жүйелі қолдау қажет.

Тыныштық НАУРЫЗОВА,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРІП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАБІЛЕТІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСІН ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «БЕЙНЕУ ЛИЦЕЙІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫН ТОЛЫМДЫ ЖЕТІСТІКТЕРМЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ. ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЛИЦЕЙ ШӘКІРТТЕРІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАРДА, ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ МЕН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫСТАРДА ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕР КӨРСЕТІП, БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ МЕРЕЙІН ҮСТЕМ ЕТТІ.

ҰСТАЗ МЕРЕЙІ ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІНДЕ

Жыл қорытындысы бойынша «Бейнеу лицейі» республикадағы ауыл мектептері арасында үздік ондықтың қатарынан көрінді. Бұл нәтиже – оқушылардың білімге деген ұмтылысы мен ұстаздардың жүйелі еңбегінің жемісі.

Лицей оқушылары ауыл балаларына арналған республикалық пәндік олимпиаданың қорытынды кезеңінде бірнеше жүлделі орынға ие болды.

Химия пәнінен 9-сынып оқушысы Аружан Қалыбаева мен 10-сынып оқушысы Аружан Талғат күміс медаль иеленсе, математика пәнінен 9-сынып оқушысы Сержан Шамғын жүлделі II орынға табан тіреді.

Ал орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 11-сынып оқушысы Аиза Амантай ауыл мектептері оқушыларына арналған олимпиаданың қорытынды кезеңінде алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар ол 9-11 сынып оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен республикалық олимпиаданың шешуші кезеңінде II орын иеленді.

Білімнің биік дейгейіне қол жеткізген оқушыларды дайындауда химия пәнінен Шолпан Машырықова, математикадан Саламат Назаров және орыс тілінің шебер ұстазы Бибігүл Ізтілеуовалар өлшеусіз еңбек етті.

Лицей шәкірттерінің жетістігі пәндік біліммен ғана шектелмейді. Жас зерттеушілер ғылыми жобаларға қатысып, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне де назар аударуда.

«ProEco» республикалық ғылыми-зерттеу жобалар конкурсында 8-сынып оқушылары Тыныштық Аққуат пен Санжар Есен Бейнеу өңірі үшін өзекті мәселелердің бірі – суды үнемдеу және тазарту жолдарын зерттеді. Оқушылардың ғылыми ізденіске негізделген жобасы республикалық кезеңде жүлделі III орынға лайық деп танылды.

Жоба барысында оқушылар суды тиімді пайдалану, оның тазалығын сақтау және тұрмыста суды үнемдеудің тиімді жолдарын қарастырып, өз ұсыныстарын ортаға салды. Мұндай жұмыстар жасөспірімдердің зерттеушілік қабілетін дамытып қана қоймай, туған өлкенің мәселелеріне жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Оқу мен ғылымды спортпен ұштастырған лицей оқушылары интеллектуалдық спорт түрлерінен де жақсы нәтижелер көрсетіп жүр.

Республикалық шахмат турнирінде 8-сынып оқушысы Қаусар Есет жүлделі III орынға ие болды. Шахматтағы әр жүріс дәлдік пен сабырды талап етсе, мұндай жарыстар оқушының логикалық ойлау қабілетін шыңдауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың осындай нәтижелерге қол жеткізуінде ұстаздардың еңбегі айрықша. Әр шәкірттің қабілетін танып, оны дамытуға бағыт беру, пәндік білімін тереңдетіп, түрлі байқаулар мен олимпиадаларға жүйелі дайындау – мұғалімнен үлкен ізденісті талап етеді.

Қалыбаева Аружан мен Талғат Аружанның химия пәнінен, Шамғын Сержанның математикадан, Амантай Аизаның орыс тілі мен әдебиетінен жеткен жетістіктері – шәкірт пен ұстаз арасындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Білім ордасының республикадағы ауыл мектептері арасында үздік ондықтың қатарынан көрінуі де лицей ұжымының оқу сапасын арттыру бағытындағы жұмысының нәтижесін көрсетеді. Алдағы уақытта да білім сапасын жетілдіру, оқушылардың ғылыми және шығармашылық әлеуетін дамыту, дарынды жастарды қолдау бағытындағы жұмыстар жалғасын таппақ.

«Бейнеу лицейінің» биылғы нәтижелері – білімге ұмтылған шәкірттер мен өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын ұстаздардың ортақ еңбегінің көрсеткіші. Жас ұрпақтың әрбір жетістігі білім ордасының жаңа белестерге ұмтылуына серпін берері сөзсіз.

Дастан ҚУАНДЫҚОВ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ЕҢБЕК АДАМЫ

БЕРЕКЕЛІ шаруашылықтың БЕЛЕСІ

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – КЕҢ ДАЛА ТӨСІНДЕ ТІРШІЛІК ЕТКЕН ЕЛДІҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІМЕН БІТЕ ҚАЙНАСҚАН АТА КӘСІП. АЛАЙДА ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ БАСЫН КӨБЕЙТІП, ОДАН ӨНІМ АЛЫП, ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ТҰРАҚТЫ ЖҮРГІЗУ ОҢАЙ ЕМЕС. БҰЛ КӘСІП ИЕСІНЕН ТӨЗІМДІЛІКТІ, ҰҚЫПТЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫҢ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЫНА ДАЙЫН БОЛУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ.

Осыны өз көзімізбен көру мақсатында Бейнеу өңіріндегі «Қайнар» шаруа қожалығына арнайы барып, шаруашылықтың тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Қожалық аумағындағы күнделікті жұмыстар, төрт түліктің жайы, жем-шөп қамы мен ұлттық өнімдердің дайындалуы – ауылдағы еңбек тіршілігінің өзіндік бір көрінісін көрсетті.

Қожалық иесі Оңберген Қайнарбайұлы шаруашылықты 1995 жылы құрдық. Ел тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқан тұста, Кеңес Одағы тарап, шаруашылық жүйесі өзгерген кезеңде кәсіпті бізде елмен бірге бастадық. Алғашқыда төрт түлік малмен айналыстық. Бірте-бірте мал басын көбейтіп, шаруашылықты дамыттық, – деп еске алды.

Жылдар бойғы еңбектің нәтижесінде бүгінде шаруашылықтағы мал саны да артқан. Қазір «Қайнар» шаруа қожалығында 500-600 басқа жуық ұсақ мал, 50-60 шамасында түйе, 25-30 бас жылқы және 35-40 бас сиыр бар. Бірнеше түлік түрінің қатар өсірілуі шаруашылықтың негізгі бағыты – мал шаруашылығын жан-жақты жүргізуге мүмкіндік береді.

Қожалыққа барғанымызда төрт түліктің жағдайын қамтамасыз етудің күнделікті еңбекті қажет ететініне көз жеткіздік. Малдың жайылымы, суы, жем-шөбі – барлығы тұрақты бақылауда болуы тиіс. Әсіресе қыс мезгілі жақындаған сайын шаруаның жауапкершілігі арта түседі.

Қысқы кезеңге дайындық туралы сөз қозғаған шаруашылық иесі ауа райының шаруашылық жұмысына тікелей әсер ететінін атап өтті.

– Қысқы жағдай ауа райына байланысты. Қыс қатты болса, малды жем-шөппен қамтамасыз етіп, қыстан алып шығуға тырысамыз. Ал қыс жылы болса, мал көбіне далада жайылады. Қыстың қалай болатынына қарай жұмысымызды реттейміз, – дейді шаруа.

Жем-шөп мәселесі – мал шаруашылығындағы маңызды жұмыстардың бірі. Қожалықта қажетті жем-шөп Ақтөбе қаласынан сатып алынады. Шалғайдан тасымалданатын азықты алдын ала қамдау – қысқы кезеңдегі мал шығынын азайтуға бағытталған дайындықтың бір бөлігі.

Төрт түліктен алынатын өнімді халық игілігіне жарату да қожалық жұмысынан тыс қалған емес. Қожалықта өндірілетін ет өнімдері аудан көлемінде сатылымға шығарылады. Бейнеудегі ет дүкендеріне өткізілетін өнімдер жәрмеңкелерде де саудаланады.

Ал ұлттық тағам дайындау ісінде қожалық иесінің жары Айтгүл Аязбаеваның еңбегі ерекше. Ол шұбат, құрт, балқаймақ, ірімшік сияқты дәстүрлі өнімдерді әзірлейді. Табиғи өнімге деген сұраныстың жоғары болуы бұл кәсіптің де өзіндік орны бар екенін көрсетеді.

Қожалықтың тіршілігімен танысу барысында назар аударған тағы бір дүние – су мәселесін өз мүмкіндіктерімен шешуі. Шаруашылық маңынан су көзі шығып, Оңберген Қайнарбайұлы оны қолмен қазып, шамамен сегіз метр тереңдіктен су алған. Мал шаруашылығын жүргізуде су көзінің болуы – аса маңызды. Әсіресе жаздың ыстығында төрт түлікті қажетті сумен қамтамасыз ету үшін мұндай табиғи су көзінің пайдасы мол.

Шаруашылықтағы тіршілік табиғат жағдайына тікелей тәуелді. Қожалық иесі мал шаруашылығында кездесетін қиындықтарға да тоқталды.

– Мал шаруашылығында қиындықтар болады. Қыс қатты болып, қар қалың түссе немесе жауын-шашын көп болса, жағдай қиындайды. Жем-шөпті уақытында жеткізу мәселесі де кездеседі. Мұндай кезде малды суықтан аман алып қалуға күш саламыз, – дейді ол.

Кәсіпті жүргізуде техниканың да көмегі бар.

Қожалықта жүк тасымалдауға арналған жүк көлігі және жеңіл көлік бар. Жем-шөпті жеткізу, шаруашылыққа қажетті заттарды тасымалдау сияқты күнделікті жұмыстарда көліктердің маңызы зор.

Қожалық иесі үшін кәсібінің келешегі мен оның кейінгі буынға жалғасуының мәні зор. Өзі зейнет жасына жетсе де, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан шаруашылықтың тыныс-тіршілігіне араласып, тәжірибесін кейінгі ұрпақпен бөлісіп келеді. Бүгінде бұл істің тізгінін баласы қолға алып, шаруашылықты дамытуға өз үлесін қосуда. Әрине, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқаны жақсы ғой. Әке бастаған істің балаға жалғасуы – көңілге қуаныш екенін айтады белгілі малбегі.

Қожалыққа жасаған сапарымыз барысында ауылдағы мал шаруашылығының сырт көзге байқала бермейтін өзіндік машақаты мен берекесін аңғардық. Таңның атысынан кештің батысына дейінгі тірлік, малдың қамы, жем-шөп дайындау, өнімді өткізу, табиғаттың әртүрлі жағдайына бейімделу – мұның бәрі үлкен еңбекті талап етеді.

Қайнар шаруа қожалығында еңбек ететін жандардың тұрмысына қажетті барлық жағдай жасалған. Үй ішінде жуынатын ванна, қолжуғыш, дәретхана, жылыту жүйесі мен су жылытқыш орнатылған. Сонымен қатар мұнда интернет желісі де қолжетімді. Алыс қоныстағы еңбек адамдары үшін мұндай қолайлылық күнделікті тұрмысты жеңілдетіп, жайлы өмір сүруге мүмкіндік береді.

1995 жылы төрт түлікпен басталған «Қайнар» шаруа қожалығы бүгінде мал басын көбейтіп, ет және ұлттық тағам өнімдерін өндірумен айналысып отырған шаруашылыққа айналды. Бір отбасының еңбегімен басталған кәсіптің жылдар өте келе жалғасын тауып, кейінгі буынға берілуі – ата кәсіптің өміршеңдігін көрсетеді.

Еңбек бар жерде береке бар. Ал туған жердің төсінде төрт түліктің бабын тауып, өз кәсібін адал атқарып жүрген шаруаның еңбегі – ауыл тіршілігінің берік негіздерінің бірі.

Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ержасар+АЖ KZ» ЖШС Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Бейнеу ауданында, «Сарықамыс-5» кен орнында сазды топырақ (дисперсті жыныстар) өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаға әсерді қорғау» бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аумағы: «"Сарықамыс-5" кен орны Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында орналасқан және жақын маңдағы Боранқұл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 72 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары

1 учаске. 45°54'16.04" СЕ; 53°40'01.88" ШБ

2 учаске. 45°53'21.43" СЕ; 53°39'23.02" ШБ

Өткізілетін күні, уақыты және мекенжайы, қоғамдық тыңдаулар: 30.10.2026 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 11:00-де, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы., Боранқұл ауылы, мәдениет үйінде өтеді (конференция уақыты 1 сағат).

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (https://zoom.us.) онлайн режимінде өткізіледі.

Конференцияға қосылу Zoom

https://us04web.zoom.us/j/72646402774?pwd=J73n3Yhj8k47y4OLtAVARJuyVI672n.1

Конференция идентификаторы: 726 4640 2774. Кіру коды: 8fHdJN.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Ержасар+АЖ KZ» ЖШС, БСН: 110240003806, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, 47-құрылыс, тел.+7 701 988 3167.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, Ақтау қ., 17 шағын аудан, № 7 үй, 308 пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660. БСН: 141040023257.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады https://hearings.ndbecology.gov.kz. Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пошта s.bazarbay@mangystau.gov.kz.Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – https://www.gov.kz / memleket/entities/mangystau-eco / Contacts?lang=ru.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы алуға болады tokshayev@mail.ru және телефон +7 778 462 6660.

Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады https://hearings.ndbecology.gov.kz/, Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31 / 1066.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Ержасар+АЖ KZ» проводит общественные слушания к Плану горных работ на добычу глинистого грунта (дисперсных пород) на месторождение «Сарыкамыс-5» в Бейнеуском районе Мангистауской области Республики Казахстан с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Месторождение «Сарыкамыс-5» расположено в Бейнеуском районе Мангистауской области и удалено от ближайшего села Боранкул на расстояние 72 км к северо-востоку.

Географические координаты центра месторождения.

Участок 1. 45°54'16.04" СШ; 53°40'01.88"ВД

Участок 2. 45°53'21.43" СШ; 53°39'23.02" ВД

Дата, время и адрес проведения общественных слушания: 30.10.2026 г. в 11:00 часов по местному времени, по адресу: Республика Казахстан, Мангистауская область, Бейнеуский район., с. Боранкул, Дом культуры (время конференций 1 час)

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме на интернет-платформе ZOOM.

Подключиться к конференции Zoom

https://us04web.zoom.us/j/72646402774?pwd=J73n3Yhj8k47y4OLtAVARJuyVI672n.1

Идентификатор конференции: 726 4640 2774. Код доступа: 8fHdJN.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Ержасар+АЖ KZ», БИН: 110240003806, Республика Казахстан, Атырауская область, Жылыойский район, город Кульсары, проспект Махамбет, строение 47, тел. +7 701 988 3167.

Наименование и контактные данные разработчика документации:.

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «ЭКО Project», г. Актау, 17 микрорайон, дом № 7, кв. 308, эл. почта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660. БИН: 141040023257.

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz. Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, электронная почта s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru.

Дополнительную информацию и копии документов можно получить по электронной почте tokshayev@mail.ru и телефону +7 778 462 6660.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме в Информационной системе https://hearings.ndbecology.gov.kz/, и Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31/1066.

№396

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Сүйіндік» ЖШС Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысының, Бейнеу ауданында, «Қарабұлақ» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасы, құрылыс құмы және топырақ өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаға әсерді қорғау» бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аумағы: «Қарабұлақ» кен орны Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Бейнеу жақын елді мекенінен солтүстік-шығыс а қарай 14 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары

1. 45° 24' 36,9" СЕ 55° 17' 43,7" ШБ;
2. 45° 24' 23,6" СЕ 55° 17' 34,0" ШБ;
3. 45° 24' 22,2" СЕ 55° 17' 33,9" ШБ;
4. 45° 24' 21,9" СЕ 55° 17' 41,0" ШБ;
5. 45° 24' 35,0"СЕ 55° 18' 13,0" ШБ;
6. 45° 24' 36,9" Е 55° 18' 06,6" ШБ

Өткізілетін күні, уақыты және мекенжайы, қоғамдық тыңдаулар: 29.10.2026 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 17:00-де, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы., Бейнеу а., «Сүйіндік» ЖШС акт залында өтеді (конференция уақыты 1 сағат).

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (https://zoom.us.) онлайн режимінде өткізіледі.

Конференцияға қосылу Zoom

https://us04web.zoom.us/j/74152852777?pwd=TpqwMn0xYtwCuWFbN7BrrolLNG3sB4.1

Конференция идентификаторы: 741 5285 2777. Кіру коды: 0zPiEr.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: «Сүйіндік» ЖШС, БСН: 920940000330, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауылы, Қашаған көшесі, 61 үй. Тел. +7 702 671 1111.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, БСН: 141040023257, Ақтау қ., 17 шағын аудан, № 7 үй, 308 пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660..

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады https://hearings.ndbecology.gov.kz. Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пошта s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – https://www.gov.kz / memleket/entities/mangystau-eco / Contacts?lang=ru.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы алуға болады tokshayev@mail.ru және телефон +7 778 462 6660.

Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады https://hearings.ndbecology.gov.kz/, Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31 / 1066

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Сүйіндік» проводит общественные слушания к Плану горных работ на добычу песчано-гравийной смеси, строительного песка и грунта на месторождения «Карабулак» в Бейнеуском районе Мангистауской области Республики Казахстан с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Месторождение «Карабулак» расположено в административном отношении на землях Бейнеуского района Мангистауской области и удалено от ближайшего населенного пункта с.Бейнеу на расстояние 14 км на северо-восток.

Географические координаты центра месторождения

1. 45° 24' 36,9" СШ 55° 17' 43,7" ВД;
2. 45° 24' 23,6" СШ 55° 17' 34,0" ВД;
3. 45° 24' 22,2" СШ 55° 17' 33,9" ВД;
4. 45° 24' 21,9" СШ 55° 17' 41,0" ВД;
5. 45° 24' 35,0" СШ 55° 18' 13,0" ВД;
6. 45° 24' 36,9" СШ 55° 18' 06,6" ВД.

Дата, время и адрес проведения общественных слушания: 29.10.2026 г. в 17:00 часов местному времени, по адресу: Республика Казахстан, Мангистауская область, Бейнеуский район., с.Бейнеу, актовый зал ТОО «Сүйіндік» (время конференций 1 час)

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме на интернет-платформе ZOOM. Подключиться к конференции Zoom

https://us04web.zoom.us/j/74152852777?pwd=TpqwMn0xYtwCuWFbN7BrrolLNG3sB4.1

Идентификатор конференции: 741 5285 2777. Код доступа: 0zPiEr.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ТОО «Сүйіндік», БИН: 920940000330, Республика Казахстан, Мангистауская область, село Бейнеу, ул. Кашагана, дом 616. Тел. +7 702 671 1111.

Наименование и контактные данные разработчика документации:.

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «ЭКО Project», БИН: 141040023257, г.Актау, 17 микрорайон, дом № 7, кв. 308, эл. почта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660.

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz. Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, электронная почта s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – https://www.gov.kz/ memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru.

Дополнительную информацию и копии документов можно получить по электронной почте tokshayev@mail.ru и телефону +7 778 462 6660.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме в Информационной системе https://hearings.ndbecology.gov.kz/, и Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31/1066.

№397

ТАҒЫЛЫМ

КІТАП ОҚУ – РУХАНИЯТҚА ЖОЛ

10 ҚЫРКҮЙЕК КҮНІ БЕЙНЕУ КІТАПХАНАСЫНДА «КІТАП TIME – 2026» ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА КІТАП ИНСТАЛЛЯЦИЯСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Шараның ашылуында мекеме директорының орынбасары Кенжегүл Орынбасарқызы акцияның мән-маңызына тоқталып, кітаптың қоғамдағы орны мен адам руханиятын қалыптастырудағы маңызын атап өтті.

Бүгінде еліміздің барлық өңіріндегі кітапханаларда өтіп жатқан «Kitap time» мерекесінің негізгі мақсаты – оқырмандарды кітапханаға тарту, кітап оқуды насихаттау және жастардың рухани-интеллектуалдық дамуына ықпал ету. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың отырыстарында кітап оқу мәдениетін дамыту мен кітап шығарудың маңызын атап, елдің рухани дамуы үшін кітаптың рөлі ерекше екенін айтқан болатын.

Осы мақсатта кітапхана мамандары оқырмандарға арналған түрлі танымдық және логикалық ойындар мен көрмелер ұйымдастырды. Заңып және көзі нашар көретін азаматтарға арналған сектордың меңгерушісі Кама Даутбаева «Бәріміз бір әлемде» тақырыбындағы кітап көрмесіне шолу жасады.

Сонымен қатар «Оқу – менің супер күшім» атты фотозона ұйымдастырылып, қатысушылар үшін ерекше естелікке айналды. «Кітап бәйтерегі» бөлімінде ағаш бұтақтарына кітап мұқабалары орналастырылып, әр кітапқа байланысты түрлі сұрақтар қойылды. Оқырмандар өз ой-пікірлерін ортаға салып, кітап мазмұнына қатысты білімдерін байқатты.

«Буккросинг» алаңындағы «Құпия кітап» бұрышы да көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Мұнда кітаптар арнайы нөмірленіп, олардың мазмұнына байланысты әзірленген сұрақтарға оқырмандар жауап берді. Бұл тәсіл қатысушыларды жаңа кітаптармен танысып, әдеби шығармаларды оқуға ынталандырды.

Кішкентай оқырмандардың да қызығушылығы ескеріліп, «Ертегілер әлемі» атты кітап көрмесінде балалар ертегі кейіпкерлерін талдап, түрлі ойындарға қатысты. Атап айтқанда, «Сыйлықты тап», «Баскетбол» үстел ойындары және көркем әдеби шығармаларды смайликтер арқылы табуға арналған «Smile кітап» логикалық ойыны ұйымдастырылды. Тапқырлық пен жылдамдық танытқан оқырмандарға арнайы сыйлықтар табысталды.

«Kitap Time – 2026» акциясына студент жастар, мектеп оқушылары, кітапхана мамандары мен оқырмандар қатысты. Кітап пен оқырманды тоғыстырған тағылымды шара қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап, әдебиетке деген қызығушылығын арттыра түсті. Мұндай мәдени-танымдық бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тауып, кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған түрлі жобалармен толықтырыла бермек.

Рабиға АМАНДЫҚОВА,
Кітапхананы дамыту бөлімінің меңгерушісі.

ТӘРБИЕ

ЖЕҢІСКЕ жетелеген ІЗДЕНІС

ҚАЗАҚ ТІЛІН БҮЛДІРШІНДЕРДІҢ БОЙЫНА СІҢІРІП, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ САЛАСЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ. ОСЫ БАҒЫТТАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ІЗДЕНІС ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕҢБЕКТІҢ НӘТИЖЕСІ АУДАНДЫҚ «ҚАЗАҚШАҢ ҚАЛАЙ, БАЛАҚАЙ?» БАЙҚАУЫНДА КӨРІНІС ТАПТЫ.

«Бөбек» бөбекжайының педагогі Ағибаш Онайбаева байқауға тыңғылықты дайындалып, тәрбиеленушілерінің қазақ тілінде еркін сөйлеуіне, ұлттық салт-дәстүрді таныпбілуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуға баса мән берді. Нәтижесінде тәрбиеленушілері аудандық байқаудан жүлделі II орынға ие болды.

Байқау жұмысының негізгі мақсаты – балаларды ұлттық ортаға бейімдеу, қазақ халқының салт-дәстүрі мен ұлттық тағамдарын таныстыру арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Осы мақсатта балалар мұражайға саяхат жасап, киіз үйдегі ұлттық ортаны тамашалады. Тәрбиеленушілердің қазақы киім киюі, ал педагогтің кимешек киіп, әже бейнесін сомдауы көрініске ерекше мазмұн берді.

Сахналық көрініс балалардың әжесіне қонаққа келуінен басталды. Әже немерелерін жылы қарсы алып, дастарқан жайып, бауырсақ пісіріп жатқанын әңгімелейді. Балалар ұлттық тағамдарға қатысты мақал-мәтелдер айтып, қазақ тіліндегі сөздік қорларын көрсетті.

Көріністің әсерлі сәттерінің бірі – тәрбиеленуші Темірланның «Бауырсақ» ертегісін мәнерлеп айтуы. Сахналық қойылым барысында оның есте сақтау, байланыстырып сөйлеу және дауыс ырғағын дұрыс қолдану қабілеті байқалды. Мұндай шығармашылық жұмыстар баланың өзіне деген сенімін арттырып, ана тілінде сөйлеуге қызығушылығын қалыптастырады.

Кейін әже құрт жасап отырғанын айтып, балалардан көмек сұрайды. Балалар үлкенге қолғабыс жасап, құрт дайындау барысына қызығушылықпен қатысады. Осы арқылы олар ұлттық тағамның жасалу жолымен танысып қана қоймай, еңбекке, бірлікке және үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиеленді.

Сахналық қойылымнан тілдік тәрбие, ұлттық құндылық және шығармашылық ізденістің өзара үйлесімін көруге болады. Балалардың мәдениетті сөйлеуі, ұлттық киімдері, әже мен немере арасындағы жылы қарым-қатынас, ұлттық тағамдар мен ертегі – барлығы біртұтас мазмұнға ұласқан.

Осындай мазмұнды жұмыстар арқылы бала қазақ тілін тек оқу барысында ғана емес, күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде қабылдайды. Ұлттық мәдениетті ойын, ертегі, сахналық көрініс және шығармашылық әрекет арқылы меңгерген бүлдіршін үшін тіл мен дәстүр де қызықты әрі есте қаларлық болады.

Ағибаш Онайбаеваның байқаудағы еңбегі мен ізденісі – педагогикалық шеберліктің көрінісі. Балалардың бойына ана тіліне деген құрмет пен ұлттық тәрбиені сіңіруге бағытталған жүйелі жұмыстың нәтижесі жүлделі II орынмен бағаланды.

Бұл жетістік – күнделікті еңбектің, шығармашылық ізденістің және балаға деген сүйіспеншіліктің нәтижесі. Алдағы уақытта да осындай мазмұнды жобалар жалғасын тауып, бүлдіршіндердің ана тілін құрметтеп, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсуіне ықпал ете бермек.

Айгерім ОРЫНБАЕВА,
«Бөбек» бөбекжайы тәрбиешісі.

ДЕНСАУЛЫҚ

САНАЛЫ ТАҢДАУ – САЛАУАТТЫ ОТБАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

ЖЫЛ САЙЫН 26 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНТРАЦЕПЦИЯ КҮНІ АТАЛЫП ӨТЕДІ. БҰЛ КҮННІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ОТБАСЫН ЖОСПАРЛАУ, ЖҮКТІЛІКТЕН САҚТАНУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНУЫН АРТТЫРУ.

Отбасы – қоғамның маңызды құндылықтарының бірі. Ал дені сау отбасының қалыптасуы ерлі-зайыптылардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, бала сүю мәселесін саналы түрде жоспарлауынан басталады. Отбасын жоспарлау – тек жүктіліктің алдын алу емес, ана мен баланың денсаулығын қорғауға, қалаған уақытта және қолайлы жағдайда дүниеге сау ұрпақ әкелуге мүмкіндік беретін маңызды қадам.

Контрацепция – жоспарланбаған жүктіліктің алдын алуға мүмкіндік беретін әдістердің жиынтығы. Қазіргі таңда оның гормоналды таблеткалар, жатырішілік құралдар, имплантар, инъекциялық және басқа да түрлері бар.

Әр адамның денсаулығы, жасы, отбасылық жағдайы мен медициналық ерекшеліктері әртүрлі болғандықтан, контрацепция әдісін таңдауда дәрігердің немесе акушер-гинекологтың кеңесіне жүгіну маңызды. Өз бетінше дәрі қабылдау немесе контрацепция әдісін бақылаусыз пайдалану денсаулыққа кері әсер етеді.

Жоспарланбаған жүктілік әйелдің физикалық және психологиялық жағдайына әсер етуі мүмкін. Ал жүктіліктер арасындағы жеткілікті аралық ана ағзасының қалпына келуіне және келесі жүктілікке дайындалуына мүмкіндік береді.

Отбасын жоспарлау арқылы ерлі-зайыптылар:

– қалаған уақытта ата-ана болуға;
– жүктілікті алдын ала жоспарлауға;
– ана мен баланың денсаулығын қорғауға;
– отбасының әлеуметтік және материалдық жағдайын ескеруге;
– жауапты ата-ана болуға мүмкіндік алады.

Репродуктивті денсаулыққа жауапкершілік тек әйелге ғана жүктелмеуі керек. Жүктіліктен сақтану және отбасын жоспарлау – ерлі-зайыптылардың ортақ шешімі. Бұл мәселеде ашық сөйлесу, бір-бірінің пікірін құрметтеу және маман кеңесіне жүгіну маңызды. Әсіресе жас отбасыларға репродуктивті денсаулық туралы дұрыс әрі сенімді ақпараттың берілуі олардың болашақ өміріне оң әсер етеді.

Дүниежүзілік контрацепция күні - әр адамға өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау, жүктілікті саналы түрде жоспарлау және болашақ ұрпақтың денсаулығын ойлау қажеттігін еске салады.

Саналы таңдау – дені сау ана. Дені сау ана – дені сау ұрпақ. Ал дені сау ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі! Отбасын жоспарлау және контрацепция мәселелері бойынша ақпарат алу үшін тұрғылықты жеріңіздегі акушер-гинекологқа, акушеркаға немесе медициналық маманға жүгініңіз.

Денсаулығыңызды бүгіннен бастап қорғаңыз – болашағыңызды саналы түрде жоспарлаңыз!

Лаура УТЕГЕНОВА,
Бейнеу көпбейінді орталық аудандық ауруханасы Профилактика және әлеуметтік-психологиялық бөлімінің отбасын жоспарлау акушері.

Құрметті оқырман!

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады:

Меншік иесі:
MAŃǴYSTAÝ MEDIA ЖШС
Директор
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

РАУАН
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 жылы есепке қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.
Редактор – Таңат АМАЛБАЕВ.
Тілшілер: Үміт ҚАЗДАЕВА.
Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді
Беттеуші дизайнер – Э.Сейдахметова.
«ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3.
Телефон: +7 777 012 22 38.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 2354. Индекс: 65690.
Тапсырыс: 230 Газет бағасы келісімді.

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

22 ҚЫРКҮЙЕК	
түнде: +19	күндіз: +31
23 ҚЫРКҮЙЕК	
түнде: +20	күндіз: +32
24 ҚЫРКҮЙЕК	
түнде: +18	күндіз: +33
25 ҚЫРКҮЙЕК	
түнде: +18	күндіз: +32
26 ҚЫРКҮЙЕК	
түнде: +18	күндіз: +31

Редакцияның мекен-жайы: 130100, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, №10/1 үйі («Акиматсервис» мемлекеттік мекемесінің ғимараты) Тел. факс: 872932 (2-11-57) e-mail: rauan_r@inbox.ru